



**БҰЙРЫҚ**

17.11.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 551-0

город Нур-Султан

**Мүлікті және істерді  
басқарудан шеттету туралы**

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Юмгискор Холдинг» ЖШС банкрот болып танылды.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2019 жылғы 06 қазандағы №410-Ө бұйрығымен «Юмгискор Холдинг» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Жуандық Нұржан Куантайұлы тағайындалған.

Кредиторлар жиналысының 2020 жылғы 02 қарашадағы хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Юмгискор Холдинг» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Жуандық Нұржан Куантайұлы шеттетілсін.

2. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы «Юмгискор Холдинг» ЖШС-ның құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы басшысының міндетін атқарушы А.К. Ескалиеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

Қ. Исаев